

**Батыс Қазақстан облысы**  
**Жаңақала ауданы**  
**Еңбекшілер депутаттары**  
**Құлшыққұм ауылдық Кеңесінің**  
**«Энгельс» колхозы**

**Құлшыққұм ауылы**

### **Тарихи анықтама**

Еңбекшілер депутаттары Құлшыққұм ауылдық Кеңесінің «Энгельс» колхозының сақтауға тапсырған құжаттары 1938 жылдан басталады.

Олар: аудандық партия комитеті мен атқару комитетінің колхоздың негізгі қызметің ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулары, колхоз басқарма отырыстарының хаттамалары, колхозшылардың жалпы жиналысының хаттамалары, колхоздың әйел қыздарының жалпы жиналысының хаттамалары, колхоздың өндірістік жылдық жоспары, колхоздың кіріс-шығыс сметасы, жылдық есептер, мал шаруашылығының жұмысы жөніндегі жылдық есеп, колхоздың егістік көлемін арттыру және жерді пайдалану жөніндегі құжаттар ( есептер, актілер, талдау), колхоздың мекеме – кәсіпорындармен ұйымдастыру мәселелері бойынша хат алмасу, колхоз мүшелерімен есеп айырысу кітабы, колхозшылардың еңбек күн есебінің кітабы, колхоз мүшелерімен олардың жаңұя есебінің кітабы.

«Энгельс» колхозын 1938 жылы Сейткалиев басқарған, құжаттар латын тілінде толтырылған.

Колхозды:

- 1942 жылы Мохонов
- 1943 жылы Шарафудинов
- 1945 жылы Кадиров
- 1947 жылы Қалқаманов А басқарған

1949 жылдың 1 қаңтарында қолхозда 94 үй болған, оларда 378 адам тұрған, олардың еңбек етуге жарайтындары 177 адам. Олардың 28 – сауыншы – малшылар, 6 – малшы-бақташылар, 20 – қойшы-шопандар, 17 – жылқышылар, 3 – түйе бағушылар.

Колхозда 6 егістік бригадалары жұмыс жасаған. Жыл ішінде колхоз 4793 кг. Ет, 48 ірі қараның, 227 қой, ешкінің терісің, 146901 литр сүт, 54,32 кг. қой жүнің 619,7 кг түйе жүнің, 12600 литр қымыз, 4687,7 кг сары май дайындаған.

Колхозда 4 ат қора, 24 сиыр қора, 5 бұзау қора, 12 қой қора, 3 астық сақтайтын қамба болған.

Колхозда еспте 10 атқа жегетін соқа, 44 заг-заг тырма, 1 астық сеялкасы, 14 шөп шабатың машиналар, 6 атқа жегетін тырнауыш, 8 қол шалғы, 2 лобогрейка, 1 астық тиері, 10-сепаратор, 9 повозка ағаш табанды, 1 астық повозка темір табанды, 43 шана, 2 қамыт, 2 ондық таразы болған.

Колхоз осы жылдары 21 га жерге қара бидай, 140 га жерге жаздық бидай, 50 га жерге арпа, 400 га жерге тары, 160 га жерге горчица егіп, одан 34 ц қара бидай, 6 ц жаздық бидай, 0,55 ц арпа, 50 ц тары алған.

Колхоздың 18135 га табиғи шабындықтарынан 31033 ц шөп даярлаған.

*Түп*

Колхозда 1064 бас ірі қара, аналық 309 сиыр, 2760 бас қой, оның 1460 саулық, 301 бас ешкі, 819 бас жылқы, 171 бас түйе есепте болған.

Мәдени қажеттіліктеріне колхоз 2669 сом қаржы бөлген.

1951 жылы колхоз 3040 ц ақ бидай, 672 ц қара бидай, 200 ц арпа, 3360 ц тары, 222 ц горчица, 540 ц бақша өнімдерін алған.

Колхоздың негізгі міндеті:

- Ауыл шаруашылық артелінің жарғысын колхозшылардың жалпы жиналысында беркіту
- Жыл аяғында колхоз мүшелерімен есеп айырысу
- Ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру, талдау жасау
- еңбек күн есептерін нақты жүргізу
- колхозшылар мен ақшалай-заттай есеп айырысу.

1954 жылдан кейін «Энгельс» колхозының құжаттары мемлекеттік сақтауға тапсырылмаған.

Тарихи анықтаманың екінші бөліміне тоқталатын болсақ:

Ғылыми өңдеуге дейін 2 (екі) тізімдеме бойынша 1938, 1942-1953 жылдар аралығында 69 (алпыс тоғыз) сақтау бірлігі болған. Тұрақты сақталатын істердің № 1 тізімдемесінде 1938, 1942-1951 жылдардағы 34 (отыз төрт) с.б., жеке құрам жөніндегі істердің № 1-«ж» тізімдемесіне 1943, 1944, 1949-1953 жылдар 35 (отыз бес) с.б., барлығы 69 (алпыс тоғыз) сақтау бірлігі.

2013 жылдың қаңтар айының 9-21 күндері, осы қордың 1938, 1942-1953 жылдар аралығындағы құжаттарына ғылыми-техникалық өңдеу жүргізілді.

ҒТО нәтижесінде қордың құрамында мынандай өзгерістер болды: 57 іске мұқабала ауыстырылып, қайта түптеп тігілді, 12 іс, 91 парақ желімделді 3626 парақ қайта нөмірленді, 69 іс маңызына және мерзіміне қарай жүйеленіп мұқабалары рәсімделді. 9 бума қалыптастырылды, 9 жапсырма жаңадан жаңартылды.

Қорда ғылыми-техникалық өңдеуден өткізгеннен кейін тұрақты сақталатын № 1 тізімдемесіне 1938, 1942-1951 жылдар аралығындағы 34 (отыз төрт) с.б; жеке құрам жөніндегі №1 «ж» тізімдемесіне 1943, 1944, 1949-1953 жылдар аралығында 35 (отыз бес) с.б; Барлығы екі тізімдеме бойынша 69 (алпыс тоғыз) сақтау бірлігі енгізіліп отыр.

Қорда ғылыми- техникалық өңдеуден өткізу кезінде: 8 (сегіз) іс ажыратылып бөлінді, 1 (бір) іс басқа істермен біріктірілді, 2 (екі) іс сақтауға жатпайтын жоюға бөлініп алынды. Бұрынғы тұрақты сақталатын істердің №3, 4, 27, 29 сандарында құжаттар өз мазмұны бойынша жазылмағаны анықталды.

Мысалы:

- 1938 жылы №3 істе (70 бет) Колхоздың ауыл советтерімен хат алмасу деген, бірақ ол істе (мал шаруашылығының жұмысы жөніндегі жылдық есеп)
- 1938 жылы №4 істе Колхозшылардың тізімі деген, бірақ ол істе (Колхоздағы егістік көлемін крттыру және жерді пайдалану жөніндегі құжаттар (есептер, актілер, талдау))

- 1951 жылғы №27 істе Колхоздың басқарма отырыстары мен жалпы жиналыс хаттамалары деген , бірақ ол істе (1951, 1952 жылғы кіріс құжаттарын тіркеу журналы)
- 1952 жылғы №29 істе Колхозшылардың жалпы жиналыс хаттамалары деген бірақ ол істе (1951, 1952 жылғы шығыс құжаттарын тіркеу журналы)

Тарихи анықтаманы құрастыру негізінен Құлшыққұм ауылдық Кеңесі «Энгельс» колхозының қорындағы құжаттарынан пайдаланылды (Қор -№ 72,тізімдеме № 1, № 1 «ж»)

Қордағы құжаттарының физикалық жағдайы қанағаттанарлық.

Бұрынғы 1938 жылғы тұрақты сақталатын №1 тізімдемеде енген 5 (бес) іс латын тілінде жазылған. Бұрынғы 1942-1953 жылғы тізімдемелерге енген істер ресми тілде жазылған.

1939 – 1941 жылдар аралығындағы құжаттары мемлекеттік сақтауға тапсырылмаған.

Өңделгеннен кейін 1942-1953 жылдар аралығындағы жасалған тізімдемелерге енген істер мемлекеттік тілде жазылды.

Жаңартылған тізімдемелерге тарихи анықтама жазылып, ғылыми-техникалық өңдеу жүргізудің актісі, сақтауға жатпайтың құжаттардың жою актісі, қор карточкасы, СК хаттамасы толтырылды.

Жалпақтал филиалының директоры :  **Ғ.Едекешев**

